


Балаларға арналған Киелі кітап

ұсынады



Дәуіт – патша (1-Бөлім)



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen


Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankzy

Шығаруышы: Bible for Children
www.M1914.org


©2023 Bible for Children, Inc.

Лицензия: сатуга тиым салынған, кошірме жасауга
немесе басып шығаруға рұксат етілген.

Жас Дәуіт қашып журді. Саул патша оны өлтіргісі
келген. Дәуіт иен далада орасан зор үңгірде төрт
жұз адамымен бірге тұрып жатты.



Кейде Саул патшаның жасақшылары оны тауып алуға шақ қалатын. Бірақ Дәуіт орын ауыстырып жүре берді.




3

Саулдың қызметшісі, Доіқ, патшаға діни қызметкерлер Дәуітке қашуға көмектескенін жеткізді. Саул оларды өлтіруге бұйырды. Бірақ мұны тек Доіқ қана іске асыруға дайын болды! Ол өзінің семсерімен сексен бес діни қызметкер мен олардың отбасыларын шауып өлтірді. Бұл-барып тұрган арсыздық еді.




4

Бірде Саул Дәуітті қудалап жүріп, Дәуіт пен оның адамдары жасырынгандың үңгірге кірді. Саул жалғыз өзі болатын!




5

Үңгірде Дәуіт Саулды оңай өлтіре алар еді. Оның орнына ол оған жақындаپ келіп, Саулдың киімінің шетін өткір қанжарымен кесіп қана алды.




6

Саул Дәуітті өлтірмек болғанына өкінетінін айтты. Алайдаоның бұрынғы қаһары қайтып оралып, ол Дәуітті өлтіру үшін үш мың адамнан тұратын әскерін жинап алды. Бір күні түнде жасақшылар ұйықтап жатқанда, Дәуіт пен оның сарбаздарының бірі Әбішай, Саул ұйықтап жатқан патшалық қосқа лып етіп өтіп кетті.



7

«Бұгін Құдай жауыңызды қолыңыздың түсіріп отыр, – деп сыйырлады Әбішай. – Оны сұнгімен жерге қадап тастауға рұқсат етіңіз. Мен бір ұрсаң болды, екінші рет ұрып жатпаймын!»




8



Дәуіт бас тартты. Саулдың сүнгісі мен құмырасын алғып, қосты тастан кетті. Қарсы беттегі жотадан Дәуіт Саул өзін естігенше айғайлады. Саул тағы да Дәуіттің өзін өлтіруі мүмкін болса да, оның олай етпегенін көрді. Саул тағы да Дәуітке жаңына батыргысы кеп жүрген әрекетіне өкінетінін айтты. Бірақ Дәуіт өзінің Саулдың сөзіне сене алмайтынын билетін.


9



Бұл уақытта Самуил қайтыс болып кеткен. Ол өзіне Құдай Исаилдің патшалығына алдымен Саулды, сонаң соң Дәуітті майлауға бұйырған пайғамбар болатын. Філістірлер Исаилге тап берген кезде, Саул Құдай тыйым салған бір қорқынышты нәрсені іске асырды.

10


Ол әйелге Самуилді өлілердің мекенінен шақырып алуды бұйырды. Сол түні Саул хабар алды.



11

Філістірлер Исаилге қарсы соғысты, ал исраилдіктер қашып кетті. Філістірлер Саулдың ұлдарын өлтірді, оның ішінде Дәуіттің жақындысы Жонатан да бар.

«...Жаратқан Ие сенен бас тартып, сенің жауыңа айналды. ...Жаратқан Ие сенің патшалығынды сенің қолынан жұлып алғып, сенің жақыныңа, дәлірек айтқанда Дәуітке берді. Ертең сен және сенің ұлдарың менімен бірге боласындар. Жаратқан Ие сонымен қатар Исаил әскерін де філістірлердің қолына береді». Осыны естіген кезде, Саул қатты қорқып кетіп есінен танып қалды.




12

Саул садақшының оғынан ауыр жарапланған еді. Содан ол өзінің нөкеріне: «Семсерінді суырып, маған сұғып ал, мына зұлым адамдар келіп, маған семсерлерін қадап масқара қылмасын!» – деп бұйырды. Бірақ нөкері қатты қорқып, бұны істеуден бас тартты. Сонда Саул семсерін алғып, үстіне құлап түсті.

13



14



Саул мен оның ұлдарының мәйіттерін тауып алған філістірлер оларды өздері жаулап алған Исаилдің қаласының қабырғасына іліп қойды. Бірнеше батыл исаилдіктер мәйіттерді түсіріп алып, қалдықтарын Исаилде жерлемес бұрын үйлеріне апарып өртеп жіберді.

15



Дәуіт бұл сұмдық хабарды естігенде, қайғырып, жылап, кешке дейін Саул үшін, оның ұлы Жонатан үшін және Жаратқан Иенің халқы үшін ораза тұтты, өйткені олар семсерден қаза тапты.

16



Саул Дәуітті өлтіруге тырысқанына қарамастаң, Дәуіт Саулды Құдайдың майлаған патшасы ретінде ақырына дейін құрметтеді. Енді Құдай Саулдың орнына патша етіп Дәуітті құрметтеді.

17

Дәуіт – патша (1-Бөлім)


Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

1 Патшалық 24-31, 2 Патшалық 1-2

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

18



Соңы

20

60

19

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күненің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құннымызды отеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің құнәларымызды кешіре алады.

Егер сен құнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Қоктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып,
кейін Сенімен мәнгі бірге болуым үшін менің өміріме келе ғор,
менің құнәларымды кешіре ғор. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе ғор. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты құнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

20